

Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс

Тәрбие жұмысының мақсаты:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында,
- Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау,
- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.
10. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.

Күтілетін нәтижелер:

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмді, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;
- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;
- Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
- Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

Іске асыру тетіктері

- Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

1. «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
6. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169VI Заңы;
7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында әлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

1.Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

2. Рухани-танымдық тәрбие

3. Ұлттық тәрбие

4.Отбасылық тәрбие

5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

6.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру

Бірінші бағыт –

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Екінші бағыт – Рухани-танымдық тәрбие

Мақсаты: Адамгершілік бейне, адамгершілік сана-сезім; құндылықты сезімдер мен ізгілік қасиеттер, ар-ұят, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, жолдастық, мейірімділік, ұят, табандылық, қайырымдылық, ынтымақтастық, ұлттық келісім құндылығы, өзге халықтардың мәдениетін, салт-дәстүрін және тілін құрметтеу және дәріптеу құндылығы; өмірге деген этикалық жауапкершілік көзқарас қалыптастырады.

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Құндылықтар жүйесін қалыптастыру қазақ тілін білу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары мен мемлекеттік рәміздері туралы жарыстар мен олимпиадалар өткізу; әрбір мектепте музейлер ашу; атақты спортшылар, ғалымдар, көрнекті тұлғалар, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жоба жеңімпаздарымен кездесулер; сонымен қатар, өлкенің тарихи-мәдени мұраларына жататын объектілерінде мектеп оқушыларына өлкетану бойынша тақырыптық сабақтар өткізу арқылы жүзеге асырылады.

Төртінші бағыт – Отбасылық тәрбие

Мақсаты: Құндылықтарды қалыптастыру болып табылады: неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана қасиеті; махаббат, адалдық, достық – сезімдері құндылығы.

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Оқушылардың бойында: еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; жаһандық экологиялық сана-сезім; экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыруға көмектеседі.

Алтыншы бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Эстетикалық сана-сезім; эстетикалық талғам мен сезім; қазақ халқының, Қазақстандағы басқа да этностар мен этникалық топтардың ұлттық мәдениет құндылықтарын көркемдік-эстетикалық қабылдау.

Жетінші бағыт – Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Мақсаты: Білімнің құндылығын; зияткерлік позицияның құндылығын; әр тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығы құндылығын; ал ақпараттық мәдениеті – кибермәдениетті және кибергигиенаны қалыптастырады.

Сегізінші бағыт – Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене тәрбиесі мен спорт, физикалық жетілдіру, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығы қалыптастырады.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету				
<p>«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы; Қазақстан Республикасының Конституциясы; «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл; «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы; «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі № 169 VI Заңы; «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы мен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.</p>				
<p>1. Бағыты: Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие Мақсаты: білім алушылардың бойында патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезім; тұлғалық еркіндік құндылығын; адамаралық және топаралық төзімділік құндылығын; зорлық зомбылық пен агрессияға жол бермеу; меншік пен материалдық молшылық құндылығын; еңбекті құрметтеу; өмірге деген құрмет сезімін; түрлі кемсітушілікке жол бермеу, адамдардың теңдік құқығы идеясының принципін қалыптастыру.</p>				
№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Алғашқы қоңырау 1 сыныпта «Кел, балалар, оқылық!» 2-11 сыныптарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында республикалық сынып сағаты, ашық сабақ.	Мәлімет	Сулейменов М.Н. Тәлімгер Сынып жетекшілер	қыркүйек
2	«Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының қызметін ұйымдастыру.	Мәлімет	Сулейменов А.К.	қыркүйек
3	«Экстремизм мен терроризмге жол жоқ!» апталығын ұйымдастыру	Мәлімет	Жумашев Н.А.	қазан
4	Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру.	Мәлімет	Кенжегулов Н.К.	кезінде
5	Құқықтық оқулар: - «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясының негізгі ережелерін;	Баяндама, мәлімет	Сулейменов М.Н. Жумашев Н.А.	Жоспар бойынша

	- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодксін; - «ҚР баланың құқықтары туралы» ; - «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңдары;			
	Президент күніне арналған іс-шаралар: тәрбие сағаттары шығарма, мәнерлеп оқу байқауы, кинофильм көру.	Жоспар, анықтама	Сулейменов М.Н. Тәлімгер Сынып жетек-р	желтоқсан
	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жылдығына апталық шаралар ұйымдастыру. " «Туған елге тағзым» сынып сағаты. 9 сынып Тәуелсіз елім - тірегім" мерекелік жиын. «Жас қыран» (1-4-сыныптар), «Жас ұлан» (5-10сыныптар)	ҚББ ақпарат	Тәлімгер	желтоқсан
	«Құқықтық сана-қауымға пана» дөңгелек үстел 5-10 сыныптар	Жоспар, анықтама	Жумашев Н.А. Кенжегулов Н.К.	қаңтар
6	Адал ұрпақ «Шынайы және сатылмайтын еңбек» тақырыбында оқушылар арасында әңгіме	Анықтама	Тәлімгерлер Сүлейменова Қ.Н. Арыстанова М.М.	ақпан
7	Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке шақыратын пікір-сайыс, акцияларды оқушылар арасында ұйымдастыру	Анықтама	Сулейменов М.Н. Тәлімгерлер Сүлейменова Қ.Н. Арыстанова М.М.	наурыз
8	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР заңдарын оқушылар арасында таныстыру. Сынып сағаттарын өткізу.	Анықтама	Кенжегулов Н.К. Жумашев Н.А. Класс жетекшілер	сәуір
9	«Жас патриот» сайысы «Ұлы Жеңіс» мерекесіне арналған сынып сағаттары, мерекелік жиын	Жоспар, анықтама	Тәлімгер АӘД мұғалімі Сынып жетекшілер	мамыр

2. Бағыты: Рухани-танымдық тәрбие

Мақсаты: Адамгершілік бейне, адамгершілік сана-сезім; құндылықты сезімдер мен ізгілік қасиеттер, ар-ұят, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, жолдастық, мейірімділік, ұят, табандылық, қайырымдылық, ынтымақтастық, ұлттық келісім құндылығы, өзге халықтардың мәдениетін, салт-дәстүрін және тілін құрметтеу және дәріптеу құндылығы; өмірге деген этикалық жауапкершілік көзқарас қалыптастыру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Мектепте «Қоғамға қызмет» волонтерлық әлеуметтік жобасын – «Мектепке жол», «Қамқорлық» акцияларын ұйымдастыру	Жоспар, Хаттама	Социолог Жумашев Н.А. Ибраев А.Б.	Тамыз, қыркүйек
2	Оқушылар арасында «Мейірбандық – адамның барлық адамгершілігіне түрткі болатын негіз» тақырыбында түрлі мамандық иесі болған еңбек ардагерлерімен «Қарттар күніне» орай әдеби-музыкалық кеш. Еңбек ардагерлерімен кездесу	Мәлімет	Тәлімгер Класс жетекшілері	Қазан
3	«Адамзаттың ұлы ұстаздары» ұстаздар күніне мерекелік шара өткізу	Іс-шара жоспар	Тәлімгер Класс жетекшілері	Қазан
4	« Қазақтың аса көрнекті ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің туғанына – 180 жыл» іс-шаралар өткізу.	Жоспар, Мәлімет	Бастауыш пән мұғалімдері	Қараша
5	Қош келдің «Жаңа жыл»	Сценарий фотосурет	Сұлейменов М.Н. Тәлімгер	Желтоқсан
6	М.Мақатаевтың 90жылдығына арналған іс-шаралар өткізу.	Анықтама	Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері	Ақпан
7	Оқушылар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «Кітап оқу сәні» деген айдарымен «Оқымысты сынып» конкурстары, «Жазғы оқылым», «Кітап бәйгесі», «Отбасымен қосылып оқу», буккросингтер, кітап көрмелері, кездесулер, кітап оқу сағаттары, т.б. ұйымдастыру	Жоспар, Мәлімет	Кітапханашы Балмашева Ж.А.	Наурыз
8	Ахмет Жұбановтың 115жылдығына кеш өткізу.	Мәлімет	Музыка пәнінің мұғалімі Класс жетекшілер	Наурыз
9	«Жол ережесін білеміз бе?» сынып сағаттар , оқушылар арасында сайыс өткізу	Анықтама	Сынып жетекшілер Тәлімгер	Сәуір

3. Бағыты: ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, ана мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсету

№	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	«Туған тілім тірлігімнің айғағы» тілдер мерекесіне апталық жоспарын жасау, шаралар өткізу	Мәлімет	Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалім	Қыркүйек

2	«Дәстүр мен ғұрып» жобасын іске асыру.	Мәлімет	Сынып жетекшілері	Қазан
3	Қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл сынып сағаты	Мәлімет	Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері Сынып жетекшілері	Қаңтар
4	«Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы» «Туған өлкенің тарихы» «Наурыз мерекесі» қарсаңына жоспар құру	Мәлімет	Тәлімгер Сынып жетек-р	Наурыз
5	«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар арасында сенбіліктер ұйымдастыру	Мәлімет	Мектеп әкімшілігі	Сәуір
6	«Өз жеріңді таны» туған өлкеің тарихын, мәдениетін және дәстүрін зерттеу, саяхат, экскурсиялар ұйымдастыру.	Мәлімет	Тарих,география пәнінің мұғалімдері Сынып жетекшілері	Мамыр

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана қасиеті; махаббат, адалдық, достық – сезімдері құндылығы.

№	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	«Отбасы күнін» мерекелеу аясында «Отбасы-бақыт мекені» апталық өткізу. Арнайы жоспарлар әзірлеу Бала тәрбиесіндегі отбасы ролін көтеру. «Отбасы бақыты» сынып сағаттары.	Жоспар, Мәлімет	Тәлімгер Сынып жетек	Қыркүйек
2	Құндылықтарға негізделген білім беру жобасы аясында «Баламен қалай сенімді қарым-қатынас орнатуға болады» ата-аналарға арналған психологиялық тренинг ұйымдастыру	Мәлімет	Кенжегулов Н.К.	Қараша
3	«Ата-аналарға «Отбасылық өмір этикасы» әңгімелер жүргізу.	Форум	Жумашев Н.А. Тәлімгер Сынып жетек.	Қаңтар
4	«Менің отбасымдағы орным» сауалнама жүргізу.	Сауалнама анықтама	Жумашев Н.А.	Ақпан
5	«8 наурыз – Халықаралық Аналар күніне» арналған шаралар ұйымдастыру	Сценарий	Сүлейменов М.Н. Тәлімгер Класс жетекшілер	Наурыз
6	Отбасылық құндылықтырды қалыптастыру: (туған өлкенің киелі орындарына бару, ұлттық дәстүрлерді сақтау, балаға жеті атасын білу, отбасылық құндылықтарды игеру,	Мәлімет	Тәлімгерлер Сынып жетекші	Сәуір

	үлкендерге құрметпен қарау) тәрбие сағаттары			
7	«Мен мектепке барамын» даярлықпен қоштасу «Бастауышым- бал бұлағым» бастауышпен қоштасу	Іс-шара	Сынып жетекшілер	Мамыр

1. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; жаһандық экологиялық сана-сезім; экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтарды қалыптастыру

№	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	Оқушыларды түрлі үйірмеге тарту. Үйірме жұмысы кестесін құру. Қауіпсіздік ережесімен таныстыру.	Жоспар, мәлімет	Сүлейменов М.Н. Үйірме жетекші Сын жетекшілер	Қыркүйек
2	«Алтын күз» кеші «Табиғатты аялайық» сурет байқауын 1-11-сыныптар аралығында өткізу	Мәлімет	Тәлімгер Класс жетекшілер	Қараша
3	«Іскерлік қарым-қатынас этикасы» оқушылар арасында сынып сағаттарын өткізу	Мәлімет	Сынып жетекшілер	Қаңтар
4	«Жарнама жасау өнері» оқушылар арасында байқау ұйымдастыру Блогерлік	Мәлімет	Тәлімгер Сынып жетекшілер	Ақпан
5	«Жаңа басшы нені білуі және не істей алуы керек?» тақырыбында оқушылар арасында пікірталас ұйымдастыру	Мәлімет	Тәлімгер Сынып жетекші	Наурыз
6	<u>«Мектеп ауласын гүлдендірейік» оқушылармен жұмыс</u>	анықтама	Класс жетекшілері Тәлімгер	Сәуір
7	«Экологияның басқа ғылымдармен байланысы» дөңгелек үстел	Жоспар, анықтама	Тәлімгерлер	Мамыр

6. Бағыты: көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнермен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдени орта құру.

№	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	Ереже – мектептің негізгі заңы, мінез-құлық ережемен таныстыру	Мәлімет	Тәлімгер Сын жетекшілері	Қыркүйек
2	«Мектептегі өнерлі оқушылар» атты кеш ұйымдастыру	Мәлімет	Пән мұғалімдері	Қараша

3	Этнограф, өнертанушы, журналист Ақселеу Сейдімбекке 80 жыл. Оқырмандар кеші	Мәлімет	Тәлімгер тіл мамандары	Желтоқсан
4	Мәдени орындарға, мұражайларға экскурсия жасау	Мәлімет	Сынып жетекшілер	Қаңтар
5	«Мамандығым – мақтанышым» ашық сынып сағаты 11 сынып.	Фото, анықтама	Муратова Д.У	Ақпан
6	«Кешірім қалай сұрау керек?» оқушылар арасында сауалнама жүргізу.	Сауалнама, анықтама	Жумашев Н.А.	Наурыз
7	«Жамбыл Жабаевқа 175 жыл» оқушылар арасында Жамбыл өмірінен деректі фильм және өлеңдерін оқу, ақын жайлы көрме ұйымдастыру	мониторинг	Сынып жетек Қазақ тілі мамандары	Сәуір

7. Бағыты: зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Мақсаты: білімнің құндылығын; зияткерлік позицияның құндылығын; әр тұлғаның кәшбасшылық қасиеттері мен дарындылығы құндылығын; ал ақпараттылық мәдениеті – кибермәдениетті және кибергигиенаны қалыптастыру.

№	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	Дарынды оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін, дарындылығын дамыту жұмыстары. Оқушыларды үйірмелерге, жобалық олимпиадаларға қатысуын қадағалау	Анықтама	Пән мұғалімдері Сынып жетекшілер	Қыркүйек
2	«Оқушының өздігінен іздену жұмыстары» туралы әңгімелер жүргізу. Ғылыми зерттеулер. Оқушыларды ғылыми жобалауға қатыстыру.	Анықтама	Пән мұғалімдері	Қазан
3	«Шығармашылық-шындайды шеберлігін» оқушылар арасында көрме байқауын ұйымдастыру	Анықтама	Пән мұғалімдері	Қаңтар
4	«Ұшқыр ой алаңы» атты дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы аясында сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру, ой толғаулар, топтық жұмыстар ұйымдастыру	Анықтама	Дебат жетекшісі	Қараша
5	Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Білекті бірді-білімді мыңды жығар» зияткерлік сайыс 5-10 сыныптар	Хаттама	Тәлімгер Сынып жетекшілер	Ақпан
6	Ә.Бөкейханның 155 жылдығына кеш ұйымдастыру	Анықтама	Тәлімгер Сынып жетекшілер	Қараша
7	«Қауіпсіз интернет» балалардың зорлық-зомбылық пен суицидті насихаттайтын кейбір сайттар туралы оқушылардың пікірлері, көзқарастарын тыңдау	Анықтама	Кенжегулов Н.К.	Сәуір

8	Оқушыларға «Өмір құндылығы» туралы фильмдерді көрсету арқылы өз ойларын ортаға салу және талдау.	Мәлімет	Жумашев Н.А.	Мамыр
8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты Мақсаты: салауатты өмір салты, дене тәрбиесі мен спорт, физикалық жетілдіру, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығы қалыптастыру.				
№	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	Оқушылардың спорт секцияларымен қамтылуын бақылауда ұстау Эпидемияға қарсы және алдын алу шаралары. Бала жасына сәйкес санитарлық білім беру «Денсаулық зор байлық» іс-шарасы бойынша түрлі спорттық жарыстарды ұйымдастыру.	Жоспар, мәлімет	Тәлімгерлер Сынып жетекшілер	Қыркүйек
2	«Бала бойы уланбасын» арнайы маман дәрігерлермен кездесу өткізу. «Спорт – менің досым» спорт сайыстарын ұйымдастыру «Жат әрекеттен сақтан!» қабілеттілікті арттыру сайысын ұйымдастыру. 1-4 класс	Жоспар, Мәлімет	Жолдыбаева З.К. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері	Желтоқсан
3	«Дұрыс тамақтану – болашақ ұлт денсаулығын сақтау!», «Мен салауатты өмірді қолдаймын!»	Анықтама	Жолдыбаева З.К. Жумашев Н.А.	Ақпан
4	«Денсаулыққа зиян келтіретін факторларлар» психологтармен сауалнама жүргізу	Анықтама	Кенжегулов Н.К.	Наурыз
5	«Дені саудың – тәні сау!» дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ сайыстарын ұйымдастыру	Анықтама	Дене тәрбиесі мұғалімдері Класс жетекшілері	Сәуір
6	«Біз спортты сүйеміз!» 5-11 сыныптар арасында спорттық сайыстар өткізу	Анықтама	Дене тәрбиесі мұғалімдері Класс жетекшілері	Мамыр

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

М.Н.Судейменов